

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
КеАҚ «Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ»

МИНИСТЕРСТВО НАУКИ И ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
НАО «ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ Л.Н. ГУМИЛЕВА»

MINISTRY OF SCIENCE AND HIGHER EDUCATION OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN
NJSC «L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY»



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҰЛТТЫҚ ВАЛЮТА КҮНІНЕ АРНАЛҒАН
«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ ВАЛЮТАСЫ:
ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСУ ЖӘНЕ ҚАРЖЫ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ»
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТӘЖІРИБЕЛІК КОНФЕРЕНЦИЯСЫ
МЕЖДУНАРОДНАЯ НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКАЯ КОНФЕРЕНЦИЯ,
«НАЦИОНАЛЬНАЯ ВАЛЮТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН:
ЭКОНОМИЧЕСКИЙ РОСТ И ФИНАНСОВЫЕ ТЕХНОЛОГИИ»
ПОСВЯЩЕННАЯ ДНЮ НАЦИОНАЛЬНОЙ ВАЛЮТЫ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

**INTERNATIONAL SCIENTIFIC AND PRACTICAL CONFERENCE,
«NATIONAL CURRENCY OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN:
ECONOMIC GROWTH AND FINANCIAL TECHNOLOGIES»
DEDICATED TO THE DAY OF THE NATIONAL CURRENCY
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN**



13 ҚАРАША, 2024 АСТАНА

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**МИНИСТЕРСТВО НАУКИ И ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ Л.Н. ГУМИЛЕВА**

**MINISTRY OF SCIENCE AND HIGHER EDUCATION OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY**



**«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ
ВАЛЮТАСЫ: ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСУ ЖӘНЕ
ҚАРЖЫ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ»**

**Қазақстан Республиканың ұлттық валюта күніне арналған
халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының
МАТЕРИАЛДАРЫНЫҢ ЖИНАҒЫ**

13 қараша 2024 жыл

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

**Международной научно-практической конференции,
«НАЦИОНАЛЬНАЯ ВАЛЮТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН:
ЭКОНОМИЧЕСКИЙ РОСТ И ФИНАНСОВЫЕ ТЕХНОЛОГИИ»
посвященной дню Национальной валюты Республики Казахстан
13 ноября 2024 год**

COLLECTION OF MATERIALS

**International scientific and practical conference,
«NATIONAL CURRENCY OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN:
ECONOMIC GROWTH AND FINANCIAL TECHNOLOGIES»
dedicated to the Day of the National Currency of the Republic of Kazakhstan
November 13, 2024**

ASTANA, 2024

УДК 336.743 (574)
ББК 65262.6 (5Қаз)
Ж 14

«Қазақстан Республикасының Ұлттық валютасы: экономикалық өсу және қаржы технологиялары» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы = Международная научно-практическая конференция «Национальная валюта Республики Казахстан: экономический рост и финансовые технологии» = International scientific and practical conference «National currency of the Republic of Kazakhstan: economic growth and financial technologies» - Астана: – 688 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-7697-82-2

Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы күніне арналған "Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы: экономикалық өсу және қаржы технологиялары" тақырыбындағы халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдарының жинағында жас ғалымдар, докторанттар, магистранттар мен студенттер өткізген өзекті және проблемалық мәселелер бойынша авторлық зерттеулердің нәтижелері ұсынылған. Басылым студенттерге, магистранттарға, докторанттарға, сондай-ақ қазіргі ғылымның өзекті мәселелерімен айналысатын оқырмандардың кең ауқымына арналған.

В сборнике материалов международной научно-практической конференции, посвященный дню национальной валюты Республики Казахстан на тему «НАЦИОНАЛЬНАЯ ВАЛЮТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН: ЭКОНОМИЧЕСКИЙ РОСТ И ФИНАНСОВЫЕ ТЕХНОЛОГИИ» представлены результаты авторских исследований по актуальным и проблемным вопросам, проведенных молодыми учеными, докторантами, магистрантами и студентами. Издание предназначено для студентов, магистрантов, докторантов, а также для широкого круга читателей, занимающихся актуальными проблемами современной науки.

The collection of materials from the international scientific and practical conference dedicated to the Day of the National Currency of the Republic of Kazakhstan on the topic "NATIONAL CURRENCY OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN: ECONOMIC GROWTH AND FINANCIAL TECHNOLOGIES" presents the results of the author's research on current and problematic issues conducted by young scientists, doctoral students, master's students and students. The publication is intended for students, master's students, doctoral students, as well as for a wide range of readers involved in current issues of modern science.

УДК 336.743 (574)
ББК 65262.6 (5Қаз)

ISBN978-601-7697-82-2

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2024

УДК 336.743 (574)
ББК 65262.6 (5Қаз)
Ж 14

Рецензенттер:

Алина Г.Б. - ҚР БҒМ БҒСБК қауымдастырылған профессоры, Esil University мекемесінің «Бизнес және басқару» факультетінің деканы

Мажитов Д.М. – экономика ғылымдарының кандидаты, «Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» КЕАҚ профессоры

Редакциялық алқа:

Жағыпарова А.О. – экономика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессоры, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Экономика факультетінің деканы, Астана қ.

Мақыш С.Б. – экономика ғылымның докторы, профессор, Esil университетінің бірінші проректоры – академиялық мәселелер жөніндегі проректор, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ диссертациялық кеңесінің төрағасы, Астана қ.

Бұлақбай Ж.М. – экономика ғылымдарының кандидаты., доцент, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ «Қаржы» кафедрасының меңгерушісі, Астана қ.

Майдырова А.Б. – экономика ғылымның докторы, профессор, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ «Экономика және кәсіпкерлік» кафедрасының меңгерушісі, Астана қ

Сембиева Л.М. – экономика ғылымның докторы, профессор, ЕҰУ «Мемлекеттік аудит» кафедрасының меңгерушісі. Л.Н.Гумилева, Астана қ.

Аманова Г.Д. - экономика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессоры, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ «Есеп және талдау» кафедрасының меңгерушісі. Л.Н.Гумилева, Астана қ.

Муталиева Л.М. – экономика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессоры, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ «Туризм» кафедрасының меңгерушісі. Л.Н.Гумилева, Астана қ.

Мухияева Д.М. –Phd докторы қауымдастырылған профессоры, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ «Менеджмент» кафедрасының меңгерушісі. Л.Н.Гумилева, Астана қ.

ISBN 978-601-7697-82-2

«Қазақстан Республикасының Ұлттық валютасы: экономикалық өсу және қаржы технологиялары» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының еңбектер жинағы. – Астана: "Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті"КЕАҚ, 2024. – 699

Сборник трудов международной научно-практической конференции «Национальная валюта Республики Казахстан: экономический рост и финансовые технологии» . – Астана: НАО «Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева», 2024. – 699

Works of the International scientific and practical conference «National currency of the Republic of Kazakhstan: economic growth and financial technologies» . – Astana: NAO "L.N. Gumilyov Eurasian National University", 2024. – 699

ISBN 978-601-7697-82-2

УДК 336.743 (574)
ББК 65262.6 (5Қаз)

© "Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті"КЕАҚ, 2024
© НАО «Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева», 2024
© NAO "L.N. Gumilyov Eurasian National University", 2024

предприятия и собственного капитала компании, поскольку в них учитываются активы, номинальная стоимость которых остается неизменной, но реальная покупательная способность возрастает в условиях инфляции. Корректировка отчетности влечет за собой изменение ряда финансовых коэффициентов. Коэффициент оборотного капитала увеличивается, поскольку в его числитель включаются переоцененные запасы. Коэффициент текущей ликвидности может снизиться, поскольку возрастающие затраты на сырье, оплату труда и другие операционные расходы требуют большего оборотного капитала. Рентабельность продаж и активов может временно увеличиться вследствие роста номинальной выручки, если компания может перекладывать часть инфляционных затрат на потребителей. Однако при этом валовая и операционная рентабельность сократятся, так как рост себестоимости будет опережать рост цен на продукцию, что ограничит операционную прибыль компании. Коэффициент долговой нагрузки снижается, так как рост собственного капитала (за счет переоценки активов и прибыли) превышает увеличение обязательств, которые не подвержены инфляционной корректировке. Коэффициент совокупных обязательств к совокупным активам также снижается, поскольку рост активов (за счет переоценки запасов и основных средств) превышает неизменные обязательства.

Таким образом, инфляция оказывает существенное влияние на прибыльность предприятия, затрагивая каждый аспект от структуры затрат до оценки активов и получения доходов, а также приводит к искажению ключевых финансовых коэффициентов и снижению точности оценки их финансового состояния. Поскольку инфляционное давление сохраняется, предприятия должны принимать гибкие стратегии и поддерживать строгий финансовый надзор для защиты прибыльности. Компании, эффективно управляющие инфляционными рисками, могут поддерживать устойчивость и сохранять финансовую стабильность даже в сложных экономических условиях.

Список литературы

1. Lyeonov, S., Michalkova, L. (2021). Impact of Tax Effects on Profit Optimisation. Review of International Approaches. The 20th International Scientific Conference Globalization and its Socio-Economic Consequences 2020, Volume 92, SHS Web of Conferences.
2. Susyana, F.I., Nugraha, N.M. (2021). Pengaruh Net Profit Margin, Return on Assets, dan Current Ratio Terhadap Pertumbuhan Laba. JEMPER (Jurnal Ekonomi Manajemen Perbankan), 3(1), pp. 56-69.
3. Рябичева О.И., Мирзоева Л.Ш., Таймасханова Д.А. Анализ влияния инфляции на финансовые результаты организации // Индустриальная экономика. – 2022. -№3(7). -С. 591-596.
4. Шерунтаев А.А. Особенности влияния инфляции на финансовое положение организации // Глобальные тренды культурного и социально-экономического развития : сборник научных трудов по материалам Международной научно-практической конференции 28 октября 2021г. Белгород : ООО Агентство перспективных научных исследований (АПНИ), 2021. С. 59-62.

ӘОЖ(33.336.2)

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚАРЖЫ САЛАСЫНДА МОНЕТАРЛЫҚ САЯСАТТЫҢ РӨЛІ

Амиш Ардах

Менеджмент-23 тобының студенті:

Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті., Астана қ.,

Қазақстан Республикасы,

ardaq525@gmail.com

Ғылыми жетекші: Хамитхан Назгуль PhD., доцент м.а.

Khamitkhan.nazgul@mail.ru

Аңдатпа: Мақалада монетарлық саясатты жақсарту арқылы инфляцияны және ақша массасын реттеуде өндіріс көлемін арттыру арқылы жұмыссыздық деңгейін төмендету және ұлттық валютаны тұрақтандыру, инвестициялық ахуалды жақсарту. Сонымен қатар, дамыған елдерінің монетарлық саясатының механизмін қазақстанның қаржы саласында да қаржылық тұрақтылықты сақтауға және әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсартуға тигізетін ықпалын айтуға болады. 2020-2023жж. қазақстанның экспорты мен импорты және 2018-2023жж. орташа жылдық қаржылық көрсеткіштерге сүйене отырып қаржы саласындағы кейбір мәселерді анықтап, оның шешу жолдары қарастырылған.

Кілт сөздер: монетарлық саясат, инфляция, ұлттық валютаны тұрақтандыру, жұмыссыздық деңгейі, экспорты мен импорты, қаржылық көрсеткіштер.

Аннотация: статья направлена на снижение уровня безработицы и стабилизацию национальной валюты, улучшение инвестиционного климата за счет увеличения объемов производства в регулировании инфляции и денежной массы за счет улучшения монетарной политики. Кроме того, механизм монетарной политики развитых стран также может быть использован в финансовой сфере Казахстана для сохранения финансовой стабильности и улучшения социально-экономического положения. 2020-2023гг. экспорт и импорт Казахстана и 2018-2023гг. на основе среднегодовых финансовых показателей определены некоторые вопросы финансовой сферы и рассмотрены пути их решения.

Annotation: The article examines the reduction of unemployment rates and the stabilization of the national currency, along with the improvement of the investment climate through the regulation of inflation and money supply by enhancing monetary policy and increasing production volumes. It also explores the impact of the monetary policy mechanisms of developed countries on maintaining financial stability and improving the socio-economic situation in Kazakhstan's financial sector. Based on Kazakhstan's export and import data from 2020–2023 and annual average financial indicators from 2018–2023, some issues in the financial sector are identified, and solutions are proposed.

Бастамас бұрын «Қазақстан Республикасы үшін монетарлық саясаттың маңызы неде?»-деген сұраққа жауап беріп өтсек. Қазақстан үшін монетарлық саясаттың маңызы инфляцияны бақылауда, экономикалық өсуді қолдауда, ұлттық валютаның тұрақтылығын сақтауда және инвестициялық ахуалды жақсартуда көрініс табады. Монетарлық саясат инфляцияны реттеп, бағаның тұрақтылығын қамтамасыз етеді, бұл халықтың сатып алу қабілетін сақтауға көмектеседі. Сондай-ақ, ақша массасын реттеу арқылы өндіріс көлемі мен жұмыссыздық деңгейіне әсер ету мүмкіндігі бар. Ұлттық валютаның тұрақтылығы сауда-саттық байланыстарын жақсартады, ал тұрақты монетарлық саясат инвесторлар үшін сенімділік туғызып, инвестициялар көлемін арттыруға ықпал етеді.

Монетарлық саясатты жақсарту арқылы Қазақстан төмен инфляцияға қол жеткізіп, экономикалық тұрақтылықты қамтамасыз етеді. Экономикалық белсенділік артып, өндіріс көлемі көбейеді, ал жұмыссыздық деңгейі төмендейді. Ұлттық валютаның тұрақтылығы сыртқы сауда мен қаржылық қатынастарды нығайтып, теңгенің құбылмалығын азайтады. Инфляцияның тұрақты болуы және пайыздық мөлшерлемелердің болжамдылығы инвесторларға сенім ұялатып, инвестиция көлемін арттырады. Қаржы жүйесінің тұрақтылығы күшейіп, банктердің сенімділігі артады, бұл несие беру шарттарын жақсартады. Экономикалық тұрақтылық халықтың өмір сүру деңгейін жақсартуға және жалпы әлеуметтік әл-ауқатты көтеруге ықпал етеді[1].

Жалпы дамыған елдердердің көбісі, соның ішінде мысал ретінде атап айтсақ АҚШ, Жапония, Канада, Ұлыбритания, Австралия сияқты тағы басқа елдерде осы «монетарлық саясат» жақсы дамығаны мәлім. Алысқа ұзамай монетарлық саясаты дамыған көрші елдер Ресей мен Қытайды да айта аламыз. Ал мысал ретінде Австралияның монетарлық саясатына тоқталып өтейік және өзіміздің монетарлық саясатқа қандай үлгі ала алуымыз керек дегенді қарастырсақ. Австралияда монетарлық саясат дамыған, инфляцияны 2-3% арасында ұстап тұруды мақсат етеді.

Резерв банкі пайыздық мөлшерлемелерді өзгерту және нарықтық операциялар арқылы экономиканы реттейді. Сол сияқты осыдан үлгі ала отырып, Қазақстан үшін үлгі ретінде инфляцияны бақылау, нарықтық механизмдерді пайдалану және ақпараттық ашықтықты қамтамасыз ету маңызды. Австралияның тәжірибесі экономикалық тұрақтылықты сақтауда тиімді болуы мүмкін[2].

Осы елдердегі монетарлық саясаттың механизмі Қазақстан Республикасының қаржы саласының болашақ үшін маңызы зор. Оның дамуы экономиканың барлық секторларының тұрақтылығын қамтамасыз етеді және еліміздің әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсартуға ықпал етеді. Біріншіден, қаржы саласы инвестицияларды тартудың негізі болып табылады. Инвестициялардың артуы жаңа жұмыс орындарын ашуға, технологиялық жаңартуға және өндірістің тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді. Бұл, өз кезегінде, экономиканың өсімін жеделдетеді және халықтың әл-ауқатын көтереді.

Екіншіден, қаржы саласының дамуы кәсіпкерлікті қолдау мен дамыту үшін маңызды. Қаржылық институттар, банк жүйесі мен микроқаржы ұйымдары кәсіпкерлерге қаржылық ресурстарды ұсынып, инновациялық жобаларды жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Бұл, өз кезегінде, экономиканың әртараптануына және бәсекеге қабілеттіліктің артуына алып келеді.


Үшіншіден, қаржы саласы халықтың қаржылық сауаттылығын арттыруға бағытталған шараларды жүзеге асыру арқылы азаматтардың қаржылық шешімдерді дұрыс қабылдауына көмектеседі. Қаржылық білімнің артуы азаматтардың өздерінің қаржылық жағдайын жақсартуға, жинақтау мен инвестициялау дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді. Сондай-ақ, болашақта қаржы саласының экологиялық тұрақтылықты қамтамасыз ету үшін маңызды рөлі бар. Экологиялық жобаларды қаржыландыру мен тұрақты даму мақсаттарына бағытталған инвестициялар еліміздің табиғи ресурстарын тиімді пайдалануға ықпал етеді. Қаржы саласының дамуы экономикалық және қаржылық қауіпсіздікті қамтамасыз етеді. Дамыған қаржы жүйесі дағдарыс кезеңдерінде экономиканы қорғауға және халықтың әлеуметтік жағдайын сақтауға мүмкіндік береді.

Ұлттық валютаны тұрақтандыру экономикалық тұрақтылықты қамтамасыз етеді, және қаржы саласының дамуын ілгерлетеді. Ол инфляцияны төмендетуге, инвестицияларды тартуға, сыртқы саудада бәсекелестікті арттыруға, экономикалық дамуды қолдауға және халықтың қаржылық сенімін нығайтуға көмектеседі. Тұрақты валюта елдің жалпы дамуына оң әсер етеді. Инфляцияны реттеу ұлттық валютаның тұрақтандырылуына тікелей әсер етеді. Инфляция жоғарылаған жағдайда, ұлттық валюта құнсызданады, бұл сатып алу қабілетінің төмендеуіне әкеледі. Инфляцияны бақылау үшін орталық банк пайыздық мөлшерлемелерді көтеру, ақша ұсынысын шектеу және нарықтық операциялар жүргізу сияқты шараларды қолданады. Бұл шаралар инфляция деңгейін төмендетуге көмектеседі. Инфляция төмендегенде, ұлттық валютаның құны тұрақталады, бұл экономикалық тұрақтылықты нығайтады. Сонымен қатар, инфляцияны реттеу арқылы инвесторлар мен азаматтардың валютаның тұрақтылығына деген сенімі артады, бұл инвестицияларды арттыру мен экономикалық өсуді қолдауға ықпал етеді. Яғни, инфляцияны тиімді басқару ұлттық валютаның тұрақтандырылуына және жалпы экономиканың дамуына маңызды рөл атқарады.

Инфляция мен жұмыссыздық арасында тығыз байланыс бар. Инфляция жоғарылаған кезде, кәсіпорындар өнімдерінің бағасын көтеріп, жұмысшылардың жалақысын арттыруға тырысады, бұл жұмыссыздықтың төмендеуіне ықпал етеді. Ал инфляция төмендегенде, кәсіпорындар шығындарын азайту үшін жұмыс орындарын қысқартып, жұмыссыздық өседі. Осылайша, инфляция мен жұмыссыздық арасындағы байланыс экономикалық жағдайға байланысты өзгеріп отырады[3].

Жалпы жұмыссыздық деңгейінің төмендеуі экономика үшін маңызды. Ол экономикалық өсуді қамтамасыз етеді, себебі еңбек нарығындағы жұмыс күшінің толық пайдаланылуы өндіріс көлемін арттырады. Жұмыссыздықтың төмендеуі адамдардың табысын көбейтеді, бұл тұтыну сұранысының артуына ықпал етеді. Сонымен қатар, жұмыссыздықтың төмендігі әлеуметтік тұрақтылықты нығайтады, кедейлік пен қылмыстың көбеюін азайтады. Халықтың өмір сүру деңгейі жақсарады, отбасылардың әл-ауқаты артады. Жұмыссыздықтың төмендеуі

кәсіпорындарға жұмысшылардың білімдері мен дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді, бұл еңбек өнімділігін арттырады. Осылайша, жұмыссыздық деңгейінің төмендеуі экономика мен қоғамның тұрақтылығына оң әсер етеді.




Сурет 1-Қазақстандағы жұмыссыздық деңгейі 2019-2023

Ескерту: Авторман құрастырылған дереккөзі [3]

1-суретте деректерді салыстыра келе, карантин жылдарын қоспағанда 2023-тен қарағанда 2024 жылы жұмыссыздық деңгейінде тек 0.1% ке өзгеріс бар екенін байқаймыз. Яғни бізде жұмыспен қамту әлі де нашар деңгейде деп тұжырымдасақ болады. Осы себеппен де жұмыссыздық деңгейін төмендету үшін , өндіріс орындарын көбейтуге күш салуымыз керек. Өндіріс саласы арқылы жұмыспен қамтумен, өз тауарларымызды шығаруды арттырып , импортты көбейтіп , экспортты азайтып, экономикамыздың дамуына тікелей әсер ете аламыз.

Дайын өнімдер тұрғысынан алғанда, Қазақстанның машина және жабдықтар экспорты 1,8 миллиард доллар (экспорттың 2,3%), ал химиялық заттар, соның ішінде бейорганикалық химикаттар экспорты 4,3 миллиард доллар(5,5%)болды (сурет 2).



Сурет 2-Қазақстанның экспорты мен импорты-2020-2023жылдар

Ескерту: Авторман құрастырылған дерек көзі [4]

2-суреттегі келесі деректерге сүйенсек, бізде соңғы уақытта импортқа қарағанда экспорт деңгейі 2 есе жоғары екенін байқаймыз. Бірақ бір өкініштісі бізде экспортқа дайын өнім емес , шикізатті экспортқа шығару басымырақ. Сол себепті өзімізден шыққан шикізатты кейін дайын өнім ретінде қайта аламыз. Осы реттен-ақ экспорт мәселесінде дайын өнімді шығаруға басымдық беруді жоспарлау қажет. Бірақ мәселенің шешімі қайтадан шикізатты өңдейтін жаңа өндіріс орындарын көбейтуге тірелетіні сөзссіз. Жоғарыдағы айтқаныма осы дерек бойынша дәлел

келтіруге болады: 2023 жылы Қазақстанның экспорт көлемі шамамен 78,7 миллиард доллар болды, оның 46,4 миллиард доллары (шамамен 58,9%) минералды отынға, әсіресе шикізатқа, яғни мұнайға тиесілі. Экспорттың жалпы құрылымы шикізаттар мен терең өңделмеген өнімдердің 68,8% құрайтынын көрсетеді.

Жалпы, қаржы саласы экономикалық тұрақтылықты сақтау шараларын қолданып, өзгерістерге бейімделуде, бірақ инфляция мен пайыздық мөлшерлемелердің жоғары деңгейі саланың дамуында белгілі бір шектеулер тудырып отыр.

Кесте 1- Орташа жылдық қаржылық көрсеткіштер 2018-2023жж.

Жыл- дық/көрсеткіш- тер	Орташа жылдық инфляция %	Орташа жылдық базалық мөлшерлем е, %	Кредитт ер бойынша сыйақын ың орташа мөлшерлем есі, % Заңды тұлғаларға (Теңгеме н)	Кредитте р бойынша сыйақын ың орташа мөлшерлем есі, % Жеке тұлғаларға (Теңгеме н)	Депозитт бойынша сыйақын ың орташа мөлшерлем есі, % Заңды тұлғаларға (Теңгеме н)	Депозитт бойынша сыйақын ың орташа мөлшерлем есі, % Жеке тұлғаларға (Теңгеме н)	Шағын бизнеске берілген кредиттің (трлн) теңге	Шағын бизнеске берілген кредиттің сыйақының орташа мөлшерлемесі, %
2018	5,3	9,25	12,4	18,5	7,1	10	1,7	12,7
2019	5,4	9,15	11,9	18	7,2	9,2	1,7	12,7
2020	7,5	9	11,4	14,9	7,3	9,3	2,1	10,5
2021	8,4	9,75	12,2	17,5	7,4	8	2,6	8,9
2022	20,3	16,75	14,6	17,6	10,1	10,6	3,1	12,2
2023	9,8	15,75	17,6	17,4	11	14	3,6	19,2

Ескерту: Авторман құрастырылған дерек көзі [5]

1-кестеде Қазақстанның қаржы нарығында соңғы жылдары айтарлықтай өзгерістер болғанын байқауға болады. Инфляция деңгейі 2022 жылы 20,3%-ға дейін көтеріліп, баға тұрақсыздығын көрсетсе, 2023 жылы ол 9,8%-ға дейін төмендеген. Бұл экономикадағы бағаны тұрақтандыру шараларының әсерін білдіреді. Базалық мөлшерлеме 2022 және 2023 жылдары 15%-дан жоғары болып, қаржы институттарының инфляцияны бақылауда ұстауға тырысқанын көрсетеді. Кредиттік пайыздық мөлшерлемелер заңды және жеке тұлғалар үшін өзгермелі болды, ал жеке тұлғаларға арналған мөлшерлемелер 17%-дан жоғары болып сақталған. Бұл қаржы ұйымдарының жеке тұлғаларға кредит беру тәуекелін басқаруға бағытталғанын білдіреді. Депозиттік пайыздық мөлшерлемелер де өзгерген. Заңды тұлғаларға арналған мөлшерлемелердің көбеюі оларды банк жүйесіне қаражат салуға ынталандыру мақсатында жүргізілген болуы мүмкін. Шағын бизнеске арналған кредит көлемі де артып келеді, бұл сектордың қаржыландырудың жақсарып келе жатқанын көрсетеді.

Сондықтан жоғарыдағы аталған мәселелердің шешімі ретінде елімізде өндіріс санын көбейту маңызды болып табылады. Жаңа өндіріс санын көбейтіп өз елімізде өнім шығаруды арттырсақ бұл ел экономикасының ілгерлеуіне көмектеседі. Себебі тауар өндірісі көбейген жағдайда импорт азаяды, яғни шет елдердің тауарларына зәру болмаймыз. Тауар өндірісі жоғары дамығанда керсінше экспорт жақсара түседі, экспорттың дамуы экономиканың дамуына тікелей әсер ететіні түсінікті. Тауар өндіруші өндіріс орындары көбейген жағдайда, оған жұмысшылар тартылып, еліміздегі жұмыссыздық деңгейінің қысқаруына тікелей әсер етеді.

Мұнай өндірісін алайық. 2022 жылғы деректерге сүйенсек отандық экспорттың 60% мұнайға тиесілі болған[6]. Бірақ өкінішке орай экспортқа көбінесе дайын тауар емес, шикізат шығаратынымызды ескерсек, кейін мысалы мұнайдан алынатын өнімдер синтетика, пластик және авиаотын сияқты қосылған құны жоғары дайын өнімдер сырттан импортталады. Бұдан шығатын түйін, жоғарыда аталған мұнайдың шикізатынан өндірілетін дайын өнімдерді өз елімізде өндіруді мақсат етуіміз қажет. Осы жағдайда жаңа дайын өнім өндіруге өндіріс орындары көбейген жағдайда жұмысшылар тартылып, жұмыссыздық деңгейінің төмендеуіне әкеледі. Осы ретте жұмыссыздық деңгейінің төмендеуі инфляцияға да тікелей әсер етеді. Сондай-ақ өзімізде өндірілген дайын өнімді экспорттап, экспорттағы шикізаттан көрі дайын өнімді көбірек шығара аламыз. Бұл экономиканың алға ілгерлеуіне бірден бір септігін тигізеді.

Қорытындылай келе, жалпы өндіріс көлемін арттыруға көптеген жаңа жобалар мен бастамаларды жиі қарастыруымыз керек. “Бизнестің жол картасы–2025” бағдарламасы шағын және орта бизнеске (ШОБ) жеңілдетілген несиелер ұсынатын негізгі жобалардың бірі. Бұл бағдарлама арқылы кәсіпкерлер 6%-пен несие алып, өндіріс көлемін арттырып, жаңа жұмыс орындарын құруға мүмкіндік алады. Бағдарлама, әсіресе, ауылдық жерлерде кәсіп ашқысы келетіндер үшін тиімді, өйткені қарапайым заттар өндірісін қолдау бағытталған. Осы сияқты жобалар шағын бизнесті дамытып, өндіріс санын арттырып мен экспорттың қарқынын жақсартады, және жұмыспен қамту да ескеріледі. Осы сияқты көптеген бастамалар мен жобаларды арттыру, және олардың жүзеге асуын жақсылап қадағалау экономикамыздың дамуына бірден-бір септігін тигізетіні сөзсіз.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Мемлекеттің монетарлық саясатын қалыптастыру негіздері және оны жүзеге асыру тетіктері: <https://stud.kz/referat/show/26182>
- 2 Халықаралық валюта қоры: <https://www.imf.org/en/Countries/AUS>
- 3 Жұмыспен қамту және жұмыссыздық: <https://stat.gov.kz/industries/labor-and-income/stat-empt-unempl/publications/9212/>
- 4 Сыртқы, өзара сауда және тауар нарықтары статистикасы: <https://stat.gov.kz/ru/industries/economy/foreign-market/publications/115718/>
- 5 Қазақстан республикасының Ұлттық банкінің жылдық есебі 2018-2023 <https://www.nationalbank.kz/kz/news/godovoy-otchet-nbk>
- 5 Forbes қаржылық-экономикалық деректері https://forbes.kz/articles/otandyi_eksporttyi_60_payyizdayyi_mnaya_tiesl

УДК (336.64)

ПРОБЛЕМЫ И ПЕРСПЕКТИВЫ РАЗВИТИЯ ФИНАНСОВОГО ПРОГНОЗИРОВАНИЯ КОМПАНИИ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН

Амангельдинова А.Ф.

магистрант, Евразийский национальный университет имени Л.Н.Гумилева, г. Астана,
Республика Казахстан

E-mail: amangeldinova.a17@gmail.com

Аңдатпа. Қаржылық болжау қазақстандық компанияларға тез өзгертін экономикалық ортаға бейімделуге көмектесетін маңызды басқару құралы болып табылады. Экономиканы жаһандану және цифрландыру жағдайында қаржылық көрсеткіштерді дәл болжау қажеттілігі ерекше өзекті болып отыр. Дегенмен, айтарлықтай ілгерілеушілікке қарамастан, елдегі компаниялардың тиімді қаржылық болжамын және дамуына кедергі келтіретін мәселелер бар. Бұл мақалада біз негізгі проблемаларды, сондай-ақ Қазақстандағы қаржылық болжауды жетілдіру перспективаларын қарастырамыз.

Кілт сөздер: қаржы, инвестиция, инновация, қаржы құралдары